

Келісіді _____
«Babi» бөбекжайының
әдіскері Базаралиева.Б.Т

Бекітілді _____
«Babi» бөбекжайының
директоры Кулахметова.О.А



Топтық ата-аналар жиналысының тақырыптық жоспары.

**Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы - тәрбиенің негізі»
«Балапан» ересек аралас тобы**

Тәрбиеші: Азмұханбетова.

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы - тәрбиенің негізі»

Мақсаты: Балабақша мен отбасының бала тәрбиесіндегі бірлескен іс-әрекетінің маңыздылығын түсіндіру. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту. Баланың жан-жақты дамуына ықпал ету.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1.Тренинг: «Жылы лебіз»

2. «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы - тәрбиесінің негізі » баяндама.Тәрбиеші: Азмуханбетова.Д.А

3.Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымдарда асырылып жатқан жаңа оқу бағдарламасының мазмұнымен және 2025-2026 оқу жылына арналған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру.

Тәрбиеші: Азмуханбетова.Д.А

4. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.

5. Ағымдағы мәселелер.

6. Қорытындылау.

Жиналыстың жүру барысы:

Кіріспе сөз:

Бала тәрбиесі – балабақша мен отбасының ортақ міндеті.

Әр баланың болашағы ата-ана мен тәрбиешінің ынтымақтаса жұмыс істеуіне байланысты.

1 Тренинг: «Жылы лебіз» (ата-аналар шеңбер болып тұрып, оң жағындағы адамға жылы лебізін айтады.)

2. Шағын бейнеролик : «Отбасы – тәрбие негізі».

Баяндама: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы - тәрбиенің негізі»

Бала – ата-ананың ең қымбат қазынасы, баға жетпес байлығы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін де, тәрбиеші үшін де үлкен жауапкершілік. Отбасында басталған тәрбие балабақшада жалғасын табады. Сондықтан да бала тәрбиесінде екі жақтың ынтымақтастығы аса маңызды.

Бала алғашқы қадамды отбасында жасайды, алғашқы сөзді отбасында айтады, алғашқы әдет-қылықтарды да ата-анадан үйренеді. Осыдан кейін ғана ол балабақшаға келіп, жаңа ортаға бейімделеді. Мұнда тәрбиеші баланың қабілеттерін дамытып, білім алуына жол ашады.

Отбасы мен балабақша бір-бірімен тығыз байланыста болған жағдайда ғана тәрбиенің

Ата-аналарды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың нормативтік құқықтық құжаттарымен таныстыру. (стандарт, үлгілі оқу жоспары, үлгілік оқу бағдарламасы және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)

Балабақшаның күн тәртібі және режимдік сәттер.

Балабақшамыздағы күн тәртібімізге және режимдік сәттерге келетін болсақ таңғы 08.00 –ден бастап 08.30-дейін балаларды тексеріп қабылдап, таңғы жаттығуларын жасатып, үстел-үсті, саусақ, дидактикалық ойындар ойнату болып табылады.

Сағ 08.30-дан 08.50-ге дейін Таңғы асқа дайындық, таңғы ас.т.б

Бұл күн тәртібі болып табылады. Ал білім беру міндеттеріне келетін болсақ, біз мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасаймыз. Бағдарламаның мақсаты: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде олар толыққанды дамыту мен әлеуметін ашу болып табылады. Биылғы жылдан бастап «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жұмыстанамыз.. Оның мақсаты- бала бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік, мейірімділік, еңбекқорлық сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастыру. Бақшада бұл бағыт ойын, әңгіме, ертегі, көрініс, топтық жұм және ата аналармен бірлескен іс шаралар арқылы жүзеге асырылады. Осы бағдарламаға сүйене отырып балаларға білім береміз, неше түрлі ертегілер ойындар арқылы тәрбиелейміз.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттері жүргізіледі. Оларды атап өтсек Дене тәрбиесі, қаз тілі, музыка, Тіл дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. (шебер қолдар, кел билейік, компьютерлік сауаттылық).

4. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.

5. Ағымдағы мәселелер:

Ата-аналарды балабақшаның күн тәртібімен таныстыру:

Таңғы қабылдау уақыты.

Балабақшаға кешікпеу, төлемақыны уақытылы төлеу т.б.

Таңғы жаттығу.

Ас мәзіріне тоқталу.

Оқу қызметіне, күн тәртібіне тоқталу. (слайд арқылы таныстыру)

«Мен Отаныммен мақтанамын!» тақырыбында өтетін Республика күніне арналған ертеңгіліктің өту барысы туралы айту.

Қорытынды

Тәрбиешінің қорытынды сөзі: «Бала – ортақ байлығымыз, ал оны тәрбиелеу – ортақ міндетіміз».

Ата-аналарға естелікке мақал-мәтелдер жазылған шағын парақшалар тарату.

Хаттама №1

Тақырыбы: «Бала дамуындағы ойынның маңызы»

Мақсаты: Ата-ана мен бала және балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, балаға тәрбие мен білім берудегі ойынның маңыздылығы туралы айту. Бала тәрбиесінде баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, үлкен жауапкершілікпен қарау.

Жиналысқа қатысуға тиісті-18 ата-ана

Жиналысқа қатысқандар саны – 14 ата-ана

Қатыспағандар саны – 4 ата-ана

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер бойынша:

1. Тренинг: «Кел билейік»
2. «Бала дамуындағы ойынның маңызы» баяндама. Тәрбиеші: Азмуханбетова.Д.А
3. Ата-аналарды Қазақстан Республикасының стандарты бойынша «Білім және ғылым министрлігі» бекіткен оқу бағдарламасымен және 2024 жылы 30.07. №194 бұйрық бойынша бекітілген Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстыру. Тәрбиеші: Азмуханбетова.Д.А
4. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
5. Ағымдағы мәселелер.
6. Қорытындылау.

Тыңдалды:

Құрметті ата-аналар біз сіздермен бірінші ата-аналар жиналысында кездескенімізге қуаныштымыз. Біз бен сіздерді байланыстырып тұрған әрине балалар. Сол балаларымыз аман болсын! Балаларыңыз тек сіздерді жақсы қылықтарымен қуанта берсін дей келе бүгінгі жиналысымызды ашуға рұқсат етіңіздер деп Азмуханбетова.Д.А жиналысты бастады.

1. Азмуханбетова.Д.А «Кел билейік» (ата-аналар билеп, ән тоқтаған уақытта отырғыштағы суреттегі қимылды көрсетеді оны бірнеше рет қайталайды) тренинг өткізді.

2-мәселе бойынша тәрбиеші Азмуханбетова.Д.А «Бала дамуындағы ойынның маңызы» тақырыбында баяндама оқыды:

Ойын-дегеніміз баланың ынта-ықыласын күшейтетін, оқудың қиын процесін жеңілдететін, бала ойының дамуын жеделдететін, оқыту әдісінің бір құралы. Ойын-дегеніміз жас ерекшелікке қарамайтын, баланың көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын-балалардан төзімділікті, алғырлықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, іздемпаздықты көп білуді талап ететін тиімді әдістердің бірі.... (слайд арқылы үй жағдайындағы ойын түрлерінің үлгі ретінде суреттер көрсетті)

2024-2025 оқу жылындағы күн тәртібімен және ұйымдастырылған іс-әрекет қызметімен слайд арқылы көрсетіп, таныстырып өтті.

Ата-аналарға балабақша күн тәртібін таныстырып өтті. Әрбір ата-ана балабақша күн тәртібін бұзбай тәрбиешілермен бірлесе отырып жұмыстануға шақырды.

4-мәселе: Ата-аналар комитетін сайлау.

Осы мәселе бойынша ата-аналар комитетіне үш ата-ана сайланды.

Олар: Гүлсара Гумарова

Анель Калиева

Балабақша меңгерушісі балабақшада жүргізіліп жатқан жұмыстарға қысқаша тоқтап және ата-аналардың сұрақтарына жауап берді.

Ата-аналармен ойын: «Ойлан, тап!» (Отан, тәрбие, бала сөздеріне мақал-мәтелдер табу және тәрбиелік мәнін ашу)

5-Ағымдағы мәселелер бойынша тәрбиешілер алда келе жатқан Республика арналған ертеңгілік туралы айтып өтті.

Ата-аналар балалары туралы ойландырып жүрген сұрақтарын қойды тәрбиешілер аналар сұрақтарына толық жауап берді.

Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісті.

6. Қорытындылау.

Жиналысымызды қорытындылай келе, ойыншықпен ойнаудың бала үшін пайдасы зор. Бүлдіршін ойыншықпен ойнау арқылы қоршаған орта мен өмірді танып бағалайды. Бала дамуына сапалы, әрі ақыл-есінің толықтай жетілуіне пайдасы бар ойыншық таңдай білейік. Өзіміздің асыл қасиеттерімізді бала бойына сіңіртеп, оның болашақ назар аударайық. Себебі ертеңгі болашағымыз – бүгінгі бүлдіршін қолымыз. Жиналысымызды аяқтадық.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе қаулы етеді:

1. 2024-2025 жаңа оқу жылының жоспары бойынша балалар жұмысы тәрбиешілер мен аналар арасында бірігіп жүргізілсін.

1. Балаларға балабақшада беріліп жатқан сапалы білім мен тәрбиені отбасына жалғастыру ата-аналарға жүктелсін

2. Балалардың тазалығы мен денсаулығына көп көңіл бөлінсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:

Гүлсара Гумарова

Азмуханбетова.Д.А